

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мәжілісінің

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

28.12.2023 ж.

Қатысқандар: түгел
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Университет инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау.
2. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау
3. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтерді жинақтау
4. Желтоқсан айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алып, өз сөзінде сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша **Компьютер инженериясы кафедрасы**

Кафедралық оқу жоспарына сәйкес 2023-2024 оқу жылы оқытушы-профессорлар құрамы жүктелген пәндері бойынша қолжазба, компьютерде терілген лекция жинақтары мен практикалық сабақтарды жүргізуге қажетті түрлі оқу әдістемелік құралдарды, жабдықтарды, лабораториялық аспаптарды, компьютерлерді, мультипроекторларды қолданды.

Оқу жылы басында кафедралық оқу әдістемелік комиссия мүшелері кафедрада оқылатын барлық пәндер бойынша дайындалған лекциялар, семинар, практикалық және лабораториялық сабақтардың мазмұнының типтік бағдарламаларға сай келетіндігін анықтап, тексеру нәтижесін оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісте баяндаған.

Лабораториялық сабақтар механика, молекулалық физика және термодинамика, атом және ядролық физика, электр және магнетизм, электротехника және физиканы оқыту әдістемесі пәндерінен өтілді. Барлық лабораториялық сабақтар әдістемелік нұсқаулармен және соған сәйкес лабораториялық құралдармен қамтамасыз етілген. Кафедра мүмкіндігіне сәйкес кейбір лабораториялық тапсырмалар компьютерде виртуалды түрде орындалды. Лабораториялық сабақтың өтілуі әрбір зертханаларда арнайы кестелер бойынша сабақ кестесіне сәйкес жасалған.

Лекциялық, зертханалық, практикалық сабақтардың мазмұныны болашақ білім стандарт талаптарына және пәндердің типтік бағдарламаларға сәйкес келеді және үнемі толықтырылып, жетілдіріліп отырылады.

Физика кафедрасының материалдық – техникалық және әлеуметтік көрсеткіштері Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сай. Олар шаруашылықты жүргізу және жедел басқару құқығы мен пайдалы оқу алаңының білім беру ұйымдарының санитарлық нормаларына, өрт қауіпсіздігі талаптарына және оқу – білім беру жоғарғы оқу орындарының стандарттарына сай келеді.

Электр энергетикасы кафедрасы

Кафедра оқытушылары лекция, лаборатория және практикалық сабақтары қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша онлайн portal.ayu.edu.kz платформасында жүргізді. Әрбір оқытушы өз пәні бойынша сабақтың мазмұндылығына, өту сапасына көңіл

бөлімі. Оқытудың қазіргі педагогикалық технологиялары мен жаңа әдістерін, студенттердің танымдық қызметін жандандыру құралдарын пайдаланады. Кафедра оқытушылары сабақ барысында мультимедиялық оқыту технологиясы, деңгейлік-саралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиясы, тренингтік оқыту технологиясы және проблемалық оқыту технологиясы кеңінен қолданады.

ШЕШІМ: Факультет құрамындағы аудиториялар мен зертханаларды техникалық жабдықтау қанағаттанарлық деп танылсын.

Екінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алып, өз сөзінде ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.

2023-2024 оқу жылдарында Факультет кафедраларында 2 оқу тәжірибесі, 6 өндірістік тәжірибе, 2 диплом алды практика жоспарланған.

Студенттер практика кезінде күнделік, бақылау-тіркеу кітапшалары қамтамасыз етілді. Практикаға байланысты бағдарлама факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, университеттің оқу-әдістемелік бөлімінде бекітілді. Практика бағдарламасында негізгі практикантқа қажетті практиканың міндеттері, практиканың мақсаты, практиканың мазмұны қарастырылған. Практика аптасында әрбір мамандыққа бөлінген апта санына байланысты қандай жұмыстар атқарылу тиіс екендігі көрсетілген.

Шешім: ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп таңылсын.

Үшінші мәселе бойынша Электр инженериясы кафедрасының аға оқытушысы О.Мейірбекова сөз алып, өз сөзінде пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтерді жинақтау туралы айтты. Материалдық-техникалық базаны толықтыру бойынша сұраныс хаттар жазылды.

Шешім: Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Мәжіліс төрағасы:  Т.С.Назарбек

Хатшы:  Г.С.Искендірова